

БІЛІМ БЕРУДЕГІ

# МЕНЕДЖМЕНТ

В ОБРАЗОВАНИИ

3/2014

ISSN 2226 – 1176

371.69

К.З. ЖАҚСЫЛЫКОВА

(«БАҰО «Өрлеу» АҚ филиалы ББЖҚБАРИ, Алматы, Қазақстан)

### «КӨШБАСШЫ» тренингі

**Аннотация.** Бұл мақалада автор тыңдаушыларды топтық ынтымақтастыққа баулу және талдау-жинақтау дағдыларын дамыту мақсатындағы іс әрекеттерді сипаттайды.

**Трек сөздер:** көшбасшылық дарындылықты дамыту, интербелсенді әдістер, көшбасшы қасиеттері.

**Ключевые слова:** развитие одаренности лидерства, интерактивные методы, лидерские качества.

**Мақсаты:** оқытудың интербелсенді әдістері арқылы көшбасшылық дарындылықты дамыту, көшбасшылық позицияны қалыптастыру.

**Міндеттері:**

- Тыңдаушыларды “көшбасшы”, “көшбасшы қасиеттері”, “көшбасшылық” және т.б. қызығушылығымен таныстыру;
- Топта белсенді қарым-қатынас стилін орнату және серіктестікті жетілдіру;
- Көшбасшылық тәртіп белгілерін айқындау,
- Тыңдаушылардың көшбасшылық қасиеттерін дамыту

**Көркемдік безендірулер:**

• Экранда көшбасшылық эмблема, тақырып және эпиграф жазулы тұрады: *«Көшбасшы, жетер, рухтандырушы болуға үйренеміз және адамдарды артымыздан ілестіруге жаттығамыз» М. Кипнис.*

- Бейне - ролик: «Құмырсқалар».

**Тренинг барысы:**

Жұмыстың табысты болуы үшін тыңдаушыларды топтық ынтымақтастыққа баулу және олардың талдау-жинақтау дағдыларын дамыту мақсатында алдын-ала дайындалған қағаз қиындыларын мағынасына қарай құрастыру арқылы шағын топтарға бөлу.

Қиындыларда басқару және көшбасшылық жайлы цитаталар жазылған:

- *«Ерлік жұқпалы, батыр адам өзінің мықтылығын көрсеткен кезде, қасындағылардың да омыртқасына салмақ түсіп, қатаяды».*

**Билли Грэм.**

- *«Ақылды адамдар естігендерінің жартысына сенеді, ал қырағы адамдар қай жартысына сену керек екенін біледі».*

**Джон Максвелл.**

- *Көшбасшы үшін ең қорқынышты нәрсе – масаттанушылық.*

**Д. Максвелл.**

- *Табысты адам – өзіне лақтырған кірпіштерден мықты іргетас қалай алатын адам».*

**Дэвид Бринкли.**

- *Адамдарды соңыңнан ілестіру үшін, өзің олардың соңынан жүр.*

**Лао-Цзы**

- *Басқару – басқаларға барлық жұмысты жасату өнері.*

**Белгісіз автор.**

### 1 БӨЛІМ:

Алдымен әрбір топ «Көшбасшы» сөзін қалай түсінетіндіктері жайлы бір түйінді сөз арқылы ойын жеткізіп ассоциациялайды, сосын осы айтылған ассоциация сөздерін және басқа да сөздерді пайдалана отырып «көшбасшы» ұғымына анықтама құрастырады.



### 2 БӨЛІМ:

«Аяқталмаған сөйлем» жаттығуы (топ мүшелерінің бірлескен жұмысы арқылы постерлер дайындау)

#### Тапсырма:

Сөйлемдегі ойды аяқтаңыз:

**1 топ: Көшбасшы –...**

(жоғарыдағы барлық топтардың айтып өткен анықтамаларынан ең маңызды деген жаңа анықтама құрастырады)

**2 топ: Көшбасшы болу үшін....**

(көшбасшы болу үшін қандай талаптарды орындау керектігін, олардың ойынша қандай ереже болу қажеттігін белгілейді)

**3 топ: Көшбасшы, ең алдымен.....**

(көшбасшы, ең алдымен нені ескеруі керек деген сұраққа жауап дайындайды)

**4 топ: Көшбасшыға тән қасиеттер....**

(көшбасшыға тән тұлғалық және кәсіби қасиеттерін бөлек-бөлек айтуларына болады)

**5 топ: Көшбасшы болып тумайды, қалыптасады, өйткені...**

(туындаған ой дәлелдерін келтіреді)

**6 топ: Мен көшбасшыға түрткі алу үшін ұсынар едім...**

(топ мүшелерінің көшбасшыға ұсыныстары)

### 3 БӨЛІМ:

«Көшбасшыға арналған әдістемелік нұсқаулық»

(бірлескен топтық жұмыс тапсырмасы)



Әрбір топқа Джон Максвеллдің «Көшбасшының 21 міндетті қасиеті» интернет-материалын пайдалана отырып көшбасшыға арналған әдістемелік нұсқаулық әзірлеу тапсырылады.

#### 4 БӨЛІМ:

##### Көшбасшылықты дамыту жаттығулары

Барлық шағын топтар тақ және жұп болып 2 үлкен топқа жинақталып бөлінеді де өзіне тиесілі жаттығу-тапсырмаларды таңдайды.

Әр топ өздеріне түскен төмендегі жаттығу - тапсырмалар арқылы еркін формада қорғау жұмыстарын жасайды және көрсетеді. Топтар жұмысын сарапшы, сыншы және қорғаушы бағалап қорытындылайды.

##### 1 топ - «Көшбасшы-джентльмен» жаттығуы

Өз баласымен әңгімелесу барысында лорд Беркли ағылшынның «Көшбасшы-джентльмен» Кодексінің мазмұнын былай деп тұжырымдайды:

- Басшылармен қарым-қатынас кезінде өзінді карапайым ұста, бірақ өзінді төмендетпе.
- Өз қатарларыңмен қарым-қатынасың қысқа да нұсқа болсын, бірақ та оларға құрметпен кара.

- Бағыныштыларыңмен достық қарым-қатынаста бол және оларға мейірімділік көрсет.

*Біріншісі* - Сені карьера жолына дайындайды, *екіншісі* - Саған тәрбиелі азамат репутациясын қамтамасыз етеді, ал *үшіншісінде* - Саған біраз уақыттан соң халықтан күмәнсіз қолдау табатын жақсы қасиеттер қалыптасады.

*Сұрақ:* Сіз осы Кодекспен келісесіз бе? Қазіргі уақытта осы Кодексті қолдану қолайлы ма?

*Тапсырма:* Білім беруді дамыту жағдайындағы бүгінгі күннің көшбасшы Кодексін әзірлеңіз.

##### 2 топ - «Керемет көшбасшы» жаттығуы

Жүргізуші сұрақтары бар карточкаларды тыңдаушыларға таратады. Ол карточка сұрақтарының жауаптары төмендегі тәртіп бойынша талданады:

- Керемет басшы қандай қасиеттерімен ерекшеленеді?
- Қазіргі экономикалық жағдайда сіздің пікіріңізше, білім беру менеджеріне қандай қасиеттер тән болуы керек?

*Жүргізушіге нұсқау:* Алдымен көшбасшының кәсіби білімі, білігінен тұлғалық қасиеттерін ажыратып алыңыз да, содан кейін мән-мағынасы бойынша оларды белгілі бір тәртіппен орналастырыңыз.

#### 5 БӨЛІМ:



##### Рольдік ойын

Ойынға барлық тыңдаушылар қатысады, еркін формада өтеді.

*Шарт:* Көпшіліктен суырылып шыққан тыңдаушы осы жағдайда көшбасшы бола білуі керек!

**«Рульді ұстап тұрғанда» жаттығуы** (рольдік ойын түрінде)

Теңізде тыныштық болған кезде әркім де штурвалды ұстап тұра алады. Сіздің көшбасшылық қасиетіңіз теңіз толқып, онда бірқатар өзгерістер болған жағдайда байқалғалы тұр. Мұндай сәтте



адамдар да толқып, бағыттарын, баптарын жоғалта бастайды, күйзеліс туындайды, стресс шалады.

*Тапсырма:* Көшбасшы ретінде, яғни айналадағының барлығының болашағына күдік туған сәтте Сіз олардың көңіліне қайтіп үміт отын ұялатар едіңіз?

6 БӨЛІМ:

**Қорытынды:** «Құмырсқалар» бейне – ролигі (пікіралыс)

7 БӨЛІМ:

**Рефлексия: «Бір сурет, бес сөз»**

(бүгінгі тренингтен алған білімі, білігі, үйренген дағдылары, алған әсерлері бойынша бір сурет салу және бес сөз жазу арқылы ойын білдіру) стратегиясы арқылы тренингті қорытындылау.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. П.С. Таранов «Золотая книга руководителя» Более 2000 способов победить и преуспеть. «Изд.Фаир» Москва,2009
2. Дейл Карнеги «Как стать эффективным лидером» перевод с английского Г.И. Левитан.-Минск: «Попурри», 2010.
3. Н.С.Ахтаева, А.І.Әбдіғалпбарова, З.Н.Бекбаева «Басқару психологиясы»:Оқу құралы –Алматы: Бастау баспасы,2009.
4. З.М.Садвақасова, Б.Т.Зиябекова, З.Б.Мадалиева «Тренинг в подготовке специалистов в вузе» - Алматы, 2007.
5. К.З.Жаксылыкова «Тренингтік ойындар мен жаттығулар»: Әдістемелік құрал – Алматы,2014.

#### Резюме

*К.З. ЖАКСЫЛЫКОВА*

(ФАО «НЦПК «Өрлеу», РИПКСО, Алматы, Казахстан)

#### ТРЕНИНГ «Лидер»

В данной статье автор в целях развития у слушателей навыков анализа и синтеза а также группового сотрудничества описывает ход проведения тренинга «Лидер».